



«Күнән» мектеп – лицейі бойынша

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары

№	Мазмұн	Мерзімі	Жауапты	Нәтиже
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тіртібінде 1. Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Тамыз	Салменова Б.А Ажниязова Г.Т Гумарова Г.Т	Отырыс
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тіртібінде 1. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша  Қаңтар	Мустафина А.К Жапабаева Г.Қ Салменова Б.А	Отырыс
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тіртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп нормалары	Ақпан	Салменова Б.А Досимова Ұ.А Гумарова Ұ.А	Отырыс
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тіртібінде 1. Педагог бейнесі 2. Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде,	Мамыр	Досимова Ұ.А Ажниязова Г.Т Жапабаева Г.Қ	Отырыс

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 1 хаттамасы  
тамыз 2021 жыл**

**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту/кеңес төрайымы: Салменова Б.А
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті/кеңес мүшесі: Ажниязова Г.Т
3. Педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау міндеті/кеңес мүшесі: Гумарова Г.Т

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Б.А Салменова сөз алды:**

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Ажниязова Г.Т сөз алды /физика пәні мұғалімі/:**

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймау, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және кара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жандүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға сыныпқа басқа адам кіріп келгенде мұғалімге орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Мектеп ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі : Гумарова Г.Т /бастауыш пәні мұғалімі/:**

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірілді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес беріледі.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық әдеп – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік әдептің ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог әдебі мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

**Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: Салменова Б.А:**


Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Кеңес мүшесі Ажниязова Г.Т мұғалім тек мұғалім емес, ол жас ұрпаққа үлгі болу тұлғасы екенін айтты. Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазір көбіне мұғалімдерге несие уақытымен төлемеу бойынша сот ісінен жиі хаттар жіберіліп жатады. Бұндай әрекет мұғалім мен оның беделіне қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан ұстаздарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.


**Кеңес шешімі:**

- 1/ «Құнан» мектеп-лицейі жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін
- 2/ Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
- 3/ «Жас мамандар» мүшелерімен педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Салменова Б.А 

Тауман Ж.Б

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 2 хаттамасы  
Караша 2021 жыл**

**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде**

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтау/ кеңес мүшесі Мустафина А.К
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика/кеңес мүшесі Жапабаева Г.Қ

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі,  
Мустафина А.К бастауыш пәні мұғалімі:**

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Жапабаева Г.Қ география пәні мұғалімі:**

*Педагогикалық әдеп* – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп *жағымды жақтан гана қаралады*. “Педагогикалық әдебі нашар” кайырымдылығы нашар, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамауды, айтқан ақылды тыңдамауды, шынтуайтқа келгенде оны сыйламауды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Кеңес шешімі:

1/ Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде әдеп нормаларын сақтау назарға алынсын.

2/ Мұғалімнің педагогикалық әдебін сақтауда мұғалімнің құқықтық сауаттылығын артыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.

Кенес төрайымы:  
Хатшы:



Салменова Б.А  
Тауман Ж.Б



**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 3 хаттамасы  
Ақпан 2022 жыл**

**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде**

1. Педагогтардың құқықтары/ кеңес төрайымы Салменова Б.А
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары/кеңес мүшесі Досимова Ұ.А

**Барысы:**

**1. Бірінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы Салменова Б.А:**

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы №645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша айтылған тармақтарын атап өтті.

**7-бап. Педагогтің кәсіби қызметтегі құқықтары**

1. Педагог өзінің кәсіби қызметінде:
  - 1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
  - 2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;
  - 3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
  - 4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;
  - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
  - 6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
  - 7) оқу құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
  - 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
  - 9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;
  - 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
  - 11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
  - 12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;
  - 13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
  - 14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;
  - 15) ұйымдардағы кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;
  - 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;
  - 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

- 18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- 19) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
- 20) педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және объективті қызметтік тергеп-тексеруге;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 22) өзіне қатысты қабылданатын білім беру ұйымы басшысының актілеріне, әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;
- 23) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;
- 24) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етуге құқығы

9-бап. Педагогтің көтермелеуге құқығы

## 2. Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Досимова Ұ.А:

Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болу тиіс.

### Шешімі:

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Салменова Б.А. *Бсал*  
Тауман Ж.Б. *Тауман*

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№4 хаттамасы  
Мамыр 2022 жыл

Қатысқандар:

Күн тәртібінде

1. Педагог бейнесі/ Досимова Ұ.А/ бастауыш пәні мұғалімі
2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары/Жапабаева Г.Қ/ география пәні мұғалімі
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары/Ажниязова Г.Т/физика пәні мұғалімі

Барысы:

1. Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Досимова Ұ.А:

Бәріміз білетіндей, ХХІ ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Заман кез келген адамнан әмбебеп болуды талап етеді. Оның ішінде мұғалімдер де заман ағымымен бірге өзгеруі керек. Мұғалім заман ағымына ілесуі керек: өз жұмысында инновацияларды, әр түрлі әдістерді қолданып, материалды еркін меңгеруі керек. Негативті мектепке кірерде табалдырықта қалдырып, балаларға мейірімділік пен жылулық сыйлауы тиіс. Болашақ осы мұғалімдерге тікелей байланысты.

Қазіргі мұғалім қандай? Ол – шығармашылық қабілеттерді дамытуға жағдай жасай алатын, оқушылардың білімді қабылдауға деген құштарлығын дамыта алатын, өз бетінше ойлауға үйрететін, материалды оқыту барысында өз бетінше сұрақтар құрастыра алатын, өз білімін толығырақ іске асыра алатын адам. Сонымен қатар пәндерді оқуға деген ынтасын арттырып, олардың жеке бейімділігі мен талантын көтермелейтін тұлға. Қазіргі мұғалім үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді, олар «Мектеп оқушыларына не үйрету керек?» деген өзекті проблемалық сұраққа жауап іздеуде. Қазіргі заманауи мұғалім кәсібіне және оқушыларға деген сүйіспеншілікті біріктіреді, олар балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, сонымен бірге өз оқушыларынан да үйрене алатынын маман иелері. Қазіргі заманғы мұғалім әр баланың жан дүниесіндегі ең жақсы қасиеттерді анықтап, балаларды алған білімін ұнатуға ынталандыруы керек, сонда ғана оқушылар мектепті бітіргеннен кейін өздерінің қоғамдағы орнын анық түсініп, оның пайдасына жұмыс істей алады.

Қазіргі мұғалім – ол кәсіби маман. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның кәсіби қажеттілігімен анықталады. Қазіргі мұғалімнің, ұстаздың айрықша ерекшеліктері – оның үнемі өзін-өзі жетілдіруі, өзін-өзі сынауы, эрудициясы және жоғары жұмыс мәдениеті. Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігінсіз мұғалімнің кәсіби өсуі мүмкін емес. Қазіргі мұғалім қол жеткізген нәрсеге ешқашан қанағаттанбауы керек. Бұл өте маңызды. Сондай-ақ алға ұмтылу да өте маңызды, өйткені мұғалімнің жұмысы – шексіз шығармашылықтың көзі.

2. Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Жапабаева Г.Қ:

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мен ата-ана тәрбиесінің өзектілігі қашан да мән-маңыздылығын жоймайды. Қоғамда қандай да бір жағдайлардың орын алып жатқанына көп ретте өзімізді емес, өзгені кінәлап, бәріне бітпейтін өкпе-назымызды білдіріп, еңсемізді түсіріп алып жататынымыз да рас. Ойланып қарасақ, сол орта, сол қоғам әрбір адамзат баласының тікелей қатысуымен қалыптасады. Демек, әр адам өзінің кемел келешегіне барар жолда өзін-өзі үнемі дамытып, ізденіс жолында аянбай еңбектеніп жетілдіріп отырған жағдайда ғана биіктерді бағындыратыны сөзсіз. Бір ғана мысал, Елбасымыздың өмір жолын алып қарасаныз, әрбір тынымсыз тірлігі, ерінбей еңбектенуі – жетістікке жетер жолының капиталы болғандығын аңғару қиын емес. Осыны тұңғыш Президентіміз жастармен кездескен әрбір сағаттарында әңгіме арқауына айналдырады. Міне, бүгінгі таңда да Елбасын ұрпақ



тәрбиесіне үлгі ету бағытында аса бір тәрбиелік мәнге ие арнайы жоба жұмысы талқылануда. «Бала жетістігі» бағытындағы арнайы жоба аясына баланың балалық шақта өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары енеді. Баланы жастайынан кітап оқуға, жақсы музыка тыңдауға, үлкендерді құрметтеуге үйрету, өз бетінше ақпарат ағынын басқаруға, оны тексеруге және құрылымдауға үйрету – заман талабымен қатар, әрбір ата-ананың борышы да.

Ата-аналар баланың жетістіктерін көтермелеп, қателіктерге бой алдырмауға бағыттау керек. Балаға таңдау және дауыс беру құқығын беріп, оның жеке кеңістігін құрметтей білуге үйрену, баланың қиялы мен ойлау қабілетін дамыту сынды маңызды жайттар арқылы біз мықты тұлға қалыптастыра алуымызды түсінуге болатындай. Елбасы – қарапайым отбасынан шыққан, бала кезінен табандылығының арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізген. Ал, ол өмір мектебі – бүгінгі ұрпаққа үлкен үлгі!

### 3. Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі Ажниязова Г.Т

Педагогикалық әдептілік – бұл мұғалімнің педагогикалық ұжымда, оқушылармен және олардың ата-аналарымен абыройлы және ұстамды болу қабілеті. Сонымен қатар балаларға жан-жақты әсер ету, олармен ортақ тіл табысып, бір көзқараста бола отырып, оңтайлы тәрбиелік қатынастар құру мүмкіндігі. Педагогикалық әдептіліктің белгілері мен элементтері бар. Педагогикалық әдептіліктің басты белгісі – бұл мұғалімнің жеке басының адамгершілік мәдениеті, қарым-қатынас процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты тимді жүзеге асыру. Әдептілік – педагогикалық процестің моральдық реттеушілеріне жатады және мұғалімнің моральдық-психологиялық қасиеттеріне негізделеді. Педагогикалық әдептіліктің негізгі элементтері:

- тәрбиеленушіге талап қою және сыйластық;
- білім алушыны көре және ести білу, оған жанашырлық таныту;
- іскерлік қарым-қатынас;
- мұғалімнің ұқыптылығы, сезімталдығы;
- кәсіби әдептілік, өзін көрсетуі;
- педагогтың сыртқы келбеті;
- қалыптасқан жағдайды тез және дұрыс бағалау;
- оқушылардың мінез-құлқы мен қабілеттерін дұрыс бағалау;
- өз сезімдерін тежеу және қиын жағдайда өзін-өзі ұстау қабілеті;
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін жақсы біліп, өз еңбегін өзін-өзі сыни бағалай білуімен сипатталады.

Әдепті педагог жұмысқа, іскерлік кездесулерге уақытында келіп, әріптестерімен, білім алушылармен, олардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Педагогикалық әдептілік педагогикалық ықпал ету әдістерін, формаларын меңгеруден көрінеді. Педагогикалық әдептіліктегі негізі такт – төзімділік пен байсалдылық. Мұғалім ретінде шығармашылық ұжымның жетекшісінің басты ерекшелігі – жоғары талап қою және тәрбиеленушілерге шынайы құрмет көрсету. «Әдептілік» ұғымы көптеген компоненттерді қамтиды, бірақ олардың барлығы балаға деген қамқорлықпен, оған мұқият және сезімтал көзқараспен байланысты. Педагогикалық әдептілік мұғалімнің мінез-құлқының икемділігін білдіреді. Студенттермен, оқушылармен сабақта және сабақтан тыс уақытта жеке әңгімеде, жорықта, экскурсияда және т.б. ашық әңгемелескен дұрыс. Әр баланың жеке ерекшелігіне сай әрекет ету – мұғалім жұмысын нәтижелі болуына жол ашады.

Педагогикалық әдептілік әсіресе мұғалімнің бақылау-бағалау іс-әрекетінде айқын көрінеді, мұнда ерекше ұқыптылық пен әділеттілік өте маңызды. Баланың бойындағы түрлі жағымсыз қасиеттерді өзгертуге ықпал ете отырып, оған біршама уақыт қажет екенін ұмытпаған жөн. Өйткені, жеке тұлғаны қалыптастырудың күрделілігі – бұл ұзақ, үздіксіз процесс, ол орынмен де, уақытпен де шектелмейді, ол бір реттік әсерден нәтиже бермейді. Оқыту процесінде көптеген жанама көрінбейтін күштер мұғалімнің тарапынан қажет болады.

Мысалы, өзімшіл, енжар, бірбеткей балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, мейірімділік пен жауапкершілікті бойына сіңіру үшін ұжымдық дағдылар қалыптастырады.

**Шешімі:**

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагогтар өзін-өзі тәрбиелеу жолында еңбектенсін, педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.
3. Педагогикалық әдептілік бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кенес төрайымы:  
Хатшы:

Салменова Б.А. *Бсалменова*  
Тауман Ж.Б. *Тауман*